

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ 27 қаңтардағы ҚАУЛЫСЫ

1. Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Г.С.Джарасованың 2022/2023 оқу жылының қысқы емтихан сессия нәтижелерін талдау туралы баяндамасын тыңдап және талқылай отырып, Комитет комиссиясының ұсыныстарын ескеріп, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- | |
|---|
| <p>1.1 Институттардың сапа комитеттері жалпы білім беру пәндерді оқыту мен бағалауға мұқият талдау жүргізілсін:</p> <ul style="list-style-type: none">- бағалау әдістерінің оқыту нәтижелеріне жарамдылығын талдау;- білім беру бағдарламаларын, ЭПК, силлабустарды сапалық талдау; <p>1.2 Педагогикалық бейіндегі пәндер бойынша бағалардың (Педагогика, оқыту әдістемесі және т.б.) ҰБТ тапсыру нәтижелерімен корреляциясының жоқтығына назар аударылып, кафедралар ҰБТ тапсыруға дайындық бойынша жұмысты күшейтілсін.</p> <p>1.3 Өмір бойы оқыту тұжырымдамасын ескере отырып, магистратураға қабылдау ережелері қайта қарастырылсын. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы НҚА өзгерістерін ескере отырып, университеттің "академиялық саясатын" өзектендіру жұмыстары ұйымдастырылсын.</p> <p>1.4 Оқыту сапасын талдау бойынша білім алушылармен кері байланыс механизмі жандандырылсын.</p> |
|---|

2. Білім беру бағдарламаларын жобалау департаментінің директоры А.М.Байдильдинаның Абай атындағы ҚазҰПУ-дің білім беру бағдарламаларының мәселелері мен даму болашағы туралы баяндамасын тыңдай және талқылай келе, Комитет комиссиясының ұсыныстарын ескеріп, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- | |
|--|
| <p>2.1 Институттардың Академиялық комитеттеріне:</p> <ul style="list-style-type: none">- 2023-2024 оқу жылына білім беру бағдарламаларын жаңартуды және олардың Білім беру бағдарламалардың Тізілімінде өзектендіруі қамтамасыз етілсін;- Кафедралар Minor бағдарламалардың презентацияларын ұйымдастырып, 2 курс студенттеріне 2023-2024 оқу жылына арналған Minor бағдарламаларды таңдауды өткізуін қамтамасыз етсін (эдвайзерлер / кафедралар). <p>2.2 Білім беру бағдарламасын жобалау департаментіне:</p> <ul style="list-style-type: none">- біліктілікті арттыру курстарын жүргізу жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылуы қамтамасыз етілсін. |
|--|

3. Халықаралық ынтымақтастық департамент директоры Ж.О.Байназардың «Университеттің халықаралық ынтымақтастық жұмыстарының нәтижелері және даму болашағы туралы» есебін тыңдап және талқылай келе, Комитет комиссиясының ұсыныстарын ескеріп, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- | |
|---|
| <p>3.1 Ғылым департаментіне және Халықаралық ынтымақтастық департаментіне:</p> <ul style="list-style-type: none">- ТМД елдерінің педагогикалық жоғары оқу орындарының жас оқытушыларының «Үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесінің жас оқытушысы: кәсіби даму сатылары» атты Халықаралық жастар форумын Мәскеу педагогикалық мемлекеттік университетімен бірлесіп, Абай атындағы ҚазҰПУ базасында офлайн форматта, ғылым апталығымен интеграциялай отырып өткізілсін (сәуір, 2023). |
|---|

3.2 Халықаралық ынтымақтастық департаментіне:

- Жоғары білім беруді трансформациялау жөніндегі саммиттің бастамаларын, қолданыстағы әдістерді, ресурстарды және цифрлық білім беру міндеттерін табысты іске асырудың шешімдерін талқылау үшін Халықаралық білім беру күніне орайластырылған «Тұрақты даму мүддесінде жоғары оқу орындарының білім беруінің трансформациясы» атты халықаралық вебинар өткізілсін (қаңтар, 2023);

- Абай атындағы ҚазҰПУ базасында Британдық кеңестің қолдауымен IELTS тестілеу орталығы ашылсын (қыркүйек, 2023).

3.3 Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департаменті мен Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі департаментіне:

- Шетелдік оқытушылар мен студенттерге жатын орын беру мүмкіндігі қарастырылсын.

4. Тарих және құқық институтының директоры Г.К.Кенжебаевтың Тарих және құқық институтының 2022-2025 ж.ж. арналған Даму стратегиясының 2022 жылдағы орындалуы туралы баяндамасын тыңдай және талқылай келе, Комитеттің қорытындысын ескеріп, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- Тарих және құқық институтының 2022-2025 жылдарға арналған Даму стратегиясының 2022 жылғы орындалуы туралы есебі назарға алынсын;
- Тарих және құқық институтының 2022-2025 жж. Даму стратегиясы алдағы жылдардағы жоспарға сәйкес іске асырылсын.

5. Әртүрлі/Біліктілік істер.

6. Осы шешімдердің орындалуын қадағалау Академиялық мәселелер жөніндегі проректор **Г.С.Джарасоваға** жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасының орынбасары

Бас ғалым хатшы



Г.Джарасова

Ж. Битибаева